

УДК 657.6:378.1

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНДА ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ ӨЗГЕРУІН ТАЛДАУ

Агайдарова Майгаш Маратовна
agaidarovam@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің «Есеп және Аудит»
мамандығының 3 курс студенті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – экономика ғылымдарының кандидаты, ЕҰУ доценті,
Кайранбеков Б.О.

Статистикалық мәліметтер бойынша, 2018 жылдың соңында Қазақстан Республикасының халқының саны 18 608 079 адамды құрады. 2018 жылы Қазақстан халқының саны 283 842 адамға артты. Қазақстан халқының жыл басында 18 324 237 адамға бағаланғанын ескере отырып, жыл сайынғы өсім 1,55% құрады.

Осыған қарамастан, Қостанай облысында халықтың жалпы төмендеуі 4% -ды құрады. Қостанайда халық саны шамамен 1%-ға өсті. Төмендеу негізінен ауыл тұрғындарының есебінен болады. Қостанай аймағы урбанизация үдерістерінің әсіресе күшті болған үшеуінің қатарына жатады. Қостанай облысынан басқа, Ақтөбе және Шығыс Қазақстан облыстарында қалалықтардың үлесі бір жылда бір пайызға өсті.

Қостанай облысы — Қазақстан Республикасының солтүстігінде орналасқан әкімшілік-аумақтық бөлінісі. Төменгі кестеде облыстың 2016-2018 жж. халық саны көрсетілген.

Кесте 1. Қостанай облысының халқы.

№ р/с	Көрсеткіштер	Белгіленуі	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	Абсолютті ауытқу, (+;-)		Салыстырмалы ауытқу, %	
						2016-17	2017-18	2016-17	2017-18
1	Барлық халық	Адам	883 806	879 134	875 616	-4672	-3518	99,47	99,59
2	Қала халқы	Адам	467 277	468 822	472 807	1545	3985	100,33	100,85
3	Ауыл халқы	Адам	416 529	410 312	402 809	-6217	-7503	98,5	98,17

Ескерту – мәлімет stat.gov.kz сайтынан алынған

Қостанай облысының халық саны 2016 жылы 883 806 адамға тең болса, 2017 жылы және 2018 жылы сәйкесінше 879 134 және 875 616 адамға тең. Бұдан облыс халқы санының жыл сайын төмендеуін байқауға болады. Салыстырмалы ауытқу шамамен бірдей. Қала халқының саны жылдан жылға өсуін, ал ауыл халқы саны төмендеуін көруге болады. Қала халқына байланысты абсолютті ауытқу 2016-2017 жж. 1545 адам, 2017-2018 жж. 3985 адам құрады. Ауыл халқының салыстырмалы ауытқуына тоқталатын болсақ, 2016-2017 жж. бұл көрсеткіш 1,5%-ға, ал 2017-2018 жж. 1,83%-ға төмендеді. Берілген мәлімет бойынша келесідей қорытынды жасауға болады: ауыл халқы қалаға көшіп, қала халқы санын арттыруда, ал жалпы Қостанай облысы халық санының төмендеуіне әр түрлі факторлар әсер етуі мүмкін. Осындай факторлар қатарына халықтың көші-қоннын жатқызуға болады.

Кесте 2. Қостанай облысы халқының көші-қоны.

№ р/с	Көрсеткіштер	Белгіленуі	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	Абсолютті ауытқу, (+;-)		Салыстырмалы ауытқу, %	
						2016-17	2017-18	2016-17	2017-18
1	Халық көші-қоны								
1.1	Келгендер	Адам	26 170	38 373	4975 1	12203	11378	146,62	129,65

1.2	Кеткендер р	Адам	33 892	44 716	5629 3	10824	11577	131,93	125,89
Ескерту – мәлімет stat.gov.kz сайтынан алынған									

Қазіргі уақытта мемлекет үшін халықтың көші-қоны ең өзекті мәселелерінің біріне айналды. Қостанай облысында да халықтың кетуі мен келуі жақсы байқалады. 2016 жылы кеткендер саны келгендер санынан 7722 адамға, 2017 жылы 6343 адамға, 2018 жылы 6542 адамға артық. Келгендердің салыстырмалы ауытқуы 2017-2018 жж 2016-2017 жж қарағанда, 46,68%-дан 29,65%-ға төмендеді. Кеткендердің салыстырмалы ауытқуы 6%-ға төмендеді. Абсолютті ауытқуға назар аударсақ, келгендер саны шамамен 1 мыңға азайды, ал кеткендер саны, керісінше, шамамен 1 мыңға өсті. Келтірілген графикте көрсеткіштердің өсуі анық көрінеді. Қостанай облысы халқының көп бөлігін орыстар құрайды. Облыс Ресей Федерациясының шекарасында орналасқандықтан, облыс тұрғындары Ресейдің жақын қалаларына көшеді. Бұл кеткендер санының көрсеткіштеріне негіз бола алады.

Сонымен қатар, Қостанай облысында табиғи өсім төмен деңгейде. Бұны берілген кестеден көруге болады.

Кесте 3. Қостанай облысы халқының табиғи өсімі.

№ р/ с	Көрсеткіште р	Белгіле нуі	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	Абсолютті ауытқу, (+;-)		Салыстырмалы ауытқу, %	
						2016- 17	2017- 18	2016- 17	2017- 18
1	Туғандар саны	Адам	12 290	11 736	11251	-554	-485	95,49	95,89
2	Өлгендер саны	Адам	9 240	8 911	8634	-329	-277	96,43	96,89
3	Табиғи өсім	Адам	3050	2825	2617	-225	-208	92,62	92,63
Ескерту – мәлімет stat.gov.kz сайтынан алынған									

Табиғи өсім халық санын құраушы маңызды бөлігі болып табылады. Жоғарыда келтірілген кесте мәліметтеріне сүйенетін болсақ, Қостанай облысында туғандар саны 2016 жылдан 2018 жылға дейін 12 290 адамнан 11 251 адамға, яғни 2 жыл ішінде 1 мың адамға төмендеді. Бұл көрсеткіштің теріс болуы табиғи өсімге үлкен әсер етеді. Өлгендер саны да жыл сайын азаюда. 2016-2017 жж. абсолютті ауытқу 3,57%-ға, 2017-2018 жж. – 3,11%-ға төмендеді. Туғандар саны қаншалықты жоғары және өлгендер саны төмен болса, соншалықты жоғары табиғи өсім айқалады. 2016-2018 жж. арасында табиғи өсімнің салыстырмалы ауытқуы бірдей 7,37%-ға төмендеді.

Кесте 4. 2016 және 2018 жылдар басындағы Қостанай облысы халқының жынысы мен жекелеген жас құрамы бойынша саны.

р/с	Көрсеткіш тер	Бе лгіленуі	201 6 жыл	2018 жыл	Абсолют ті ауытқу, (+;-)	Салыс тырмалы ауытқу, %
	Барлығы	Ад ам	883 806	875 616	-8 190	99,07
.1	Ерлер	Ад ам	418 026	415 243	-2 783	99,33
.2	Әйелдер	Ад ам	465 780	460 373	-5 407	98,84

	Барлығы (0-15)	Ад ам	185 529	186 497	968	100,52
.1	Ерлер	Ад ам	94 988	95 717	729	100,77
.2	Әйелдер	Ад ам	90 541	90 780	239	100,26
	Барлығы (16-62)	Ад ам	564 021	547 654	-16 367	97,10
.1	Ерлер	Ад ам	285 620	280 027	-5 593	98,04
.2	Әйелдер	Ад ам	278 401	267 627	-10 774	96,13
	Барлығы (63+)	Ад ам	134 256	141 465	7 209	105,37
.1	Ерлер	Ад ам	37 418	39 499	2 081	105,56
.2	Әйелдер	Ад ам	96 838	101 966	5 128	105,30
Ескерту – мәлімет stat.gov.kz сайтынан алынған						

Кестеде 2016 және 2018 жж. Қостанай облысы халқының жынысы мен жекелеген жас құрамы бойынша саны берліген. 2016 жылы облыста барлығы 883 806 адам, соның ішінде 418 026 ер адам және 465 780 әйел адам. Бұл көрсеткіштер 2018 жылы сәйкесінше 875 616 адам, 415 243 ер адам мен 460 373 әйел адамға тең болды. Халықтың көп бөлігін 16-дан 62 жасқа дейінгі адамдар құрайды, олардың саны 2016 жылы 564 021 адамға, ал 2018 жылы 547 654 адамға тең. Абсолютті ауытқуда оң көрсеткіш келесі санаттарда байқалады: 0-15 жас арасындағы балалар, олардың саны 2016 жылы – 185 529, 2018 жылы – 186 497, яғни 968 адамға өсті. Мұнда салыстырмалы ауытқу 0,52%-ға артты. Сонымен қатар 63 жастан және одан жоғары жастағы адамдар саны 2016 жылдан 2018 жылға қарай 7209 адамға өсті, салыстырмалы ауытқу 5,37%-ға артты. 0-15 жастық санатта ерлер саны әйелдер санынан 2016 және 2018 жж. 4 және 5 мыңға, ал 16-62 жастық санатта сәйкесінше 7 мың және 13 мыңға жоғары. Әдеттегідей, Қостанай облысында жыныстық құрамы бойынша жастық санатта әйелдер саны ерлер санынан сәл жоғары. Ең үлкен жыныстық айырмашылық 63+ жастық санатында байқалады, мұнда 2016 жылы ерлер саны 37 418 адамға, әйелдер саны 96 838 адамға тең, яғни әйелдер саны шамамен 2,5 есе артық, 2018 жылы да әйелдер саны ерлер санына қарағанда 2,5 есе артық.

Қолданылған әдебиеттер:

1. <http://stat.gov.kz> – Ресми статистикалық ақпарат
2. <http://kostanay.gov.kz/>
3. [Қазақстан Республикасының облыстары, қалалары және аудандары бойынша халық саны](#)